

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	1
2. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ	1
3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ .	2
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ	2
5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	5
6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТТЕРІ	10
8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	10
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ, ТАЛАПТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ	11
10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ	15
11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	16
12. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР	16

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ҚР заңнамасына және «Евразия» СК» АҚ-ның ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың осы Сақтандыру ережелерінің негізінде (бұдан әрі мәтін бойынша — Сақтандырушы), өмірге, денсаулыққа немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіргені үшін ғарыш объектілерін иелену және/немесе пайдалану кезінде азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындауына байланысты тәуекелдерді мынадай кезеңдерде сақтандыруға қабылдайды:

1.1.1. ғарыш объектілерін тексерулер мен сынақтардан өткізу;

1.1.2. ғарыш объектілерін ғарыш айлағы аумағына жеткізу;

1.1.3. ғарыш объектілерін ұшуға дейін дайындау, оның ішінде тексерулер мен сынақтар өткізу;

1.1.4. ғарыш объектілерін ұшыру және орбитаға шығару, оның ішінде оны пайдалануға енгізу кезеңі;

1.1.5. ғарыш объектілерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалану.

1.1.6. орбиталық ұшу аяқталғаннан кейін ғарыш объектілерін немесе оның элементтерін түсіру.

1.2. Сақтандырушы Сақтандыру шартында осы ережелердің 1.1-тармағында көрсетілген ғарыш қызметін жүзеге асырудың қай кезеңіне сақтандыру қорғанысы қолданылатынын көрсетуге құқылы.

1.3. Осы Ережелерде қамтылған және сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мәтініне енгізілмеген сақтандыру талаптары, егер шартта оларды қолдануға тікелей сілтеме жасалса және Ережелердің өзі шартпен (сақтандыру полисімен) бір құжатта баяндалса немесе оның кері бетінде көрсетілсе немесе оған қоса берілсе, Сақтанушы (Пайда алушы) үшін міндетті болып табылады. Сақтанушыға Ережелерді тапсыру шартта немесе сақтандыру полисінде жазбамен куәландырылуға тиіс.

1.4. Егер сақтандыру шартында осы Ережелердің қағидаларынан өзгеше талаптар көзделсе, онда сақтандыру шартында белгіленген талаптар қолданылуға жатады.

2. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ

2.1. Осы Ережелердің 1.1-тармағында көрсетілген кезеңдерде ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын Сақтандырушымен жасасқан барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар Сақтанушы деп танылады.

2.2. Сақтандырушы сақтандыру қызметін ҚР заңнамасына және уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

2.3. Шарт ғарыш объектілерін пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруге жол бермеуде заңға, өзге құқықтық актіге немесе шартқа негізделген мүддесі бар тұлғаның (Сақтанушының, Пайда алушының) пайдасына жасалуы мүмкін.

3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлғалар ғарыш объектілерін иелену және пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру мүмкіндігіне байланысты мүліктік мүдделері табылады.

3.2. Сақтандыру сомасы — сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.

3.3. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша ғарыш объектілерін иелену және пайдалану кезінде үшінші тұлғаларға зиян келтірілген жағдайда келтірілуі мүмкін болжамды залал құнын негізге ала отырып айқындалады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ

4.1. Сақтандыру жағдайы болып Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өмірге, денсаулыққа немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне ғарыш объектісінің апатқа ұшырауы немесе оның сынықтарының құлауы немесе отынның төгілуі нәтижесінде, осы Ережелердің 1.1-тармағында көрсетілген ғарыш қызметі кезеңдерінің кез келгенін жүзеге асыру кезінде зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі табылады.

4.2. Сақтандырушы төменде көрсетілген фактілердің бірі немесе бірнешеуі болған кезде Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өмірге, денсаулыққа немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған жағдайда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

4.4.1. соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан, кез келген түрдегі соғыс әрекеттері немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары, миналардың, бомбалардың және соғыстың басқа да құралдарының әрекеттері;

4.4.2. азаматтық соғыс, халық толқулары, әскери жағдай, билікті заңсыз басып алған тұлғалардың әрекеттері немесе билікті заңсыз басып алуға әрекет жасау, жұмылдыру; мемлекеттік немесе жергілікті билік органдарының өкімі бойынша сақтандырылған мүлікті тәркілеу, реквизициялау, ұлттандыру, қамауға алу, жою немесе бүлдіру;

4.4.3. ереуілдер, тәртіпсіздіктер, халық толқулары немесе еңбек жанжалдары немесе өзге де кез келген қасақана әрекеттер немесе саботаж (диверсия) актілері;

4.4.4. атом энергиясын кез келген қолдануға және бөлінетін материалдарды пайдалануға, тасымалдауға және сақтауға байланысты радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың тікелей немесе жанама әсері;

4.4.5. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының не олар уәкілеттік берген сақтандырылған ғарыш объектісін иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге уәкілетті тұлғалардың қасақаналығы. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының қасақаналығы деп, оның ішінде, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының не олар уәкілеттік берген ғарыш техникасын иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге уәкілетті тұлғалардың жүргізілетін жұмыстар үшін белгіленген қағидалар мен нормативтік құжаттарды қасақана бұзуы түсініледі;

4.4.6. лазерлерді және бағытталған энергияның кез келген басқа көздерін қоса алғанда, спутникке қарсы қарудың кез келген түрлерінің әсері;

4.4.7. сақтандырылған ғарыш объектісін ғарыш айлағына жеткізу процесінде пайда болған, көрінетін бүлінулер болмаған кезде электрондық сұлбалар жұмысының бұзылуы, механикалық ақаулықтар;

- 4.4.8.** сыртқы электромагниттік немесе радиожиліктік көздің әсері, егер мұндай әсер табиғи құбылыстардың салдары болмаса және сақтандырылған ғарыш объектісінің физикалық қирауына әкеп соқпаса;
- 4.4.9.** штаттан тыс немесе пысықталмаған бұйымдарды, аспаптарды, агрегаттарды, объектілерді қолдану;
- 4.4.10.** кепілдік мерзімі өтіп кеткен аспаптар мен агрегаттарды пайдалану;
- 4.4.11.** біліксіз персоналдың әрекеттерінен келтірілген залалдар;
- 4.4.12.** жанама сипаттағы залалдар, пайданы жоғалту және зардап шеккендердің қаржылық тәуекелдерінің барлық түрлері;
- 4.4.13.** сыртқы электромагниттік немесе радиожиліктік кедергілердің әсері;
- 4.4.14.** Сақтанушы директорлары мен уәкілетті өкілдерінің Ғарыш объектісіне залал келтіру немесе оны істен шығару мақсатындағы әдейі немесе қасақана әрекеттері, бұл үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруге әкеп соққан;
- 4.4.15.** қандай да бір мемлекеттің агенттері болып табылатын немесе табылмайтын бір немесе бірнеше тұлғаның саяси немесе террористік мақсаттарда жасаған әрекеттері, мұндай актінің нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян кездейсоқ немесе қасақана болғанына қарамастан;
- 4.4.16.** Сақтанушының келісімінсіз әрекет ететін тұлға немесе тұлғалар жасаған Ғарыш объектісін кез келген басып алу немесе дұрыс емес басқару, оның ішінде мұндай басып алуға немесе басқаруға кез келген әрекет.
- 4.5.** Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес келесі зиян/нұқсан/жоғалтулар/шығындар өтелмейді:
- 4.5.1.** қоршаған ортаға келтірілген зиян;
- 4.5.2.** мемлекеттік мүлікке келтірілген зиян;
- 4.5.3.** әуе, ғарыш, теңіз, өзен кемелеріне, мұнай мұнаралары мен платформаларына, жасанды аралдарға және олардағы құрылыстарға, оның ішінде аталған мүліктің қосалқы бөлшектеріне, компоненттері мен құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ өзге де осындай мүлікке келтірілген зиян;
- 4.5.4.** тұрақсыздық айыптары, санкциялар, айыппұлдар, моральдық зиянды өтеу, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сот шығындары;
- 4.5.5.** кез келген мүліктік емес зиян/нұқсан;
- 4.5.6.** бүлінген мүліктің тауарлық құнының төмендеу құны;
- 4.5.7.** термиялық күйіктер нәтижесінде;
- 4.5.8.** сатудағы мүлікке (оның ішінде сату орындарында), сақтаудағы мүлікке (оның ішінде қоймаларда) келтірілген зиян;
- 4.5.9.** транзиттегі жүктерге, тауарларға келтірілген нұқсан, айналымдағы тауарларға келтірілген нұқсан;
- 4.5.10.** пайданы жоғалту құны;
- 4.5.11.** өндірістегі (қызмет көрсетудегі) үзіліс құны, өндіріс құнының ұлғаюы, жіберіп алынған пайда;
- 4.5.12.** шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуы, шығарындылары, дренажы, босатылуы, шығуы, бұл бірге немесе кенеттен орын алғанына қарамастан;
- 4.5.13.** радиациялық жұқтыру нәтижесіндегі нұқсан;
- 4.5.14.** бүлінген мүліктің үй-жайларын жөндеу, реконструкциялау, салу, жобалау, көшіру құнын өтеу міндеті;
- 4.5.15.** алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдану күйінде болған Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның (оның қызметкерлерінің/отбасы мүшелерінің, жалдамалы, тартылған тұлғалардың, жұмыстарға, қызметтерге, сатуларға, тасымалдарға, тиеулерге, жүктеулерге жіберілген тұлғалардың және басқа тұлғалардың) әрекеттері/әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген зиян;
- 4.5.16.** Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының көзқарасы бойынша күтілетін немесе болжанатын зиян келтіруге байланысты талаптар;



- 4.5.17.** Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ақыға уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға, лизингке, прокатқа және т.б.), өтеусіз пайдалануға, сенімгерлік басқаруға не кепілге берілген мүліктің бүлінуі, жойылуы, нашарлауы, қирауы немесе бүлінуі;
- 4.5.18.** Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға шарт бойынша сақтауға немесе қосымша қызмет ретінде қабылданған мүліктің бүлінуі, жойылуы, нашарлауы, қирауы немесе бүлінуі;
- 4.5.19.** магистральдық коммуникацияларға: кабельдерге, каналдарға, су құбырларына, газ құбырларына және басқа да жолөткізгіштерге зиян келтіру;
- 4.5.20.** тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді термиялық әсердің немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың немесе атмосферадағы кез келген, оның ішінде қалқыма бөлшектердің (күйе, қаракүйе, түтін, шаң және т.б.) әсерінен, жоғарыда көрсетілген заттардың әсері кенеттен және күтпеген жағдайда болған әрі зиян осындай әсердің сөзсіз салдары болғанын және сақтандырылған қызметпен тікелей байланысты екенін көрнекі дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;
- 4.5.21.** сақтандыру шарты қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде жалғасқан себептерден;
- 4.5.22.** болған, бірақ сақтандыру шарты қолданылу мерзімі басталғанға дейін тоқтаған, алайда олардың әсері сақтандыру шарты қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру жағдайына әкеп соққан себептерден;
- 4.5.22.** осы жыл мезгіліне және осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсерінен;
- 4.5.23.** жәбірленуші үшінші тұлғалардың мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, асыл немесе түсті металдардан жасалған бұйымдар, бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар, оның ішінде антикварлық не тарихи немесе өзге де әлеуметтік құндылығы бар заттар түріндегі зиян;
- 4.5.24.** конструкциялардың, механизмдердің, агрегаттардың пайдалануға тапсырылғанға/қабылданғанға дейін не тапсырыс берушіге берілгенге дейін, не құрастыру, құрылыс, монтаж, орнату аяқталғанға дейін қирауы немесе бүлінуі;
- 4.5.25.** Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға байланысты тұлғалардың (қызметкерлер, серіктестер, жалдамалы қызметкерлер, өзге шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар не сақтандыру оқиғасы басталған жерде себептері мен қажеттілігіне қарамастан болған тұлғалар) жеке мүлкінің бүлінуі;
- 4.5.26.** өндірушіде стандартты емес жобалар, материалдар, жабдықтар бойынша жеке дайындауды талап ететін бірегей құрылыстарды салу, реконструкциялау үшін қажетті мүлік бүлінгеніне байланысты зиян өтелмейді;
- 4.5.27.** техникалық процестердің бұзылуы;
- 4.5.28.** сақтау, орнату, тасымалдау, тиеу, жұмыста пайдалану бөлігінде ерекше ұқыпты қарауды талап ететін сынғыш материалдардың бүлінуі, жойылуы;
- 4.5.29.** аумақты мүлік сынықтарынан (қалдықтарынан) тазарту жөніндегі шығыстарды өтеу;
- 4.5.30.** сақтандыру оқиғасына байланысты адамдарды, жабдықты, багажды тасымалдау жөніндегі шығыстарды өтеу;
- 4.5.31.** қаза тапқандардың не жараланғандардың денелерін тұрақты тұратын жеріне, сондай-ақ кез келген басқа бағытқа репатриациялау жөніндегі шығыстарды өтеу;
- 4.5.32.** мүлікке зиян келтірумен, сондай-ақ зиян келтірілген үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен; сақтандыру оқиғасын және оның салдарын жою немесе жою барысында не процесінде;
- 4.5.33.** асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар кез келген өнімдердің, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсері нәтижесінде туындаған залалдар.
- 4.6.** Осы сақтандырумен Сақтанушының мынаған байланысты/мынадан туындаған / мынаған қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өтелмейді:
- 4.6.1.** өндіріп берілген сомаларды индекстеу;
- 4.6.2.** сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін өмір сүру құнының өсуіне, мүгедектік мерзімінің ұзартылуына, жеке тұлғаның еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесінің ұлғаюына



байланысты зиянды өтеудің ұлғаюына байланысты шығыстар;

4.6.3. жеке тұлғаның ҚР аумағынан тыс жерде емделу шығындарын өтеу міндеті;

4.6.4. жеке тұлғаның санаторий-курорттық емделу шығындарын өтеу міндеті;

4.6.5. жеке тұлғаның денесін репатриациялау шығындарын өтеу міндеті;

4.6.6. үшінші тұлғалардың Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға регрестік талаптары, Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға суброгация тәртібімен қойылатын талаптар;

4.6.7. үшінші тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына:

а) шудың (адам құлағы еститін немесе естімейтін),

б) дірілдің, дыбыстық соққының және (немесе) өзге де ұқсас құбылыстардың,

б) кез келген текті ластанулардың немесе жұқтырулардың,

в) электрлік немесе электромагниттік толқындардың әсері нәтижесінде келтірілген зиян.

4.7. Сақтандыру шектеулері:

4.7.1. сақтандыруға сақтандыру сәтіне қарай ғарыш қызметі кезінде объектінің бүлінуіне немесе қирауына әкеп соқтыруы мүмкін ақаулары бар ғарыш объектілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қабылданбайды, мұндай шарттар жасалған жағдайда олар тараптармен жасалмаған деп есептеледі.

4.7.2. сақтандыруға білікті персоналы жоқ ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қабылданбайды, мұндай шарттар жасалған жағдайда олар тараптармен жасалмаған деп есептеледі.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

5.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады, онда Сақтанушы Сақтандырушыға ол сұратқан ақпаратты ұсынады. Сақтандыруға өтініш қосымша болып табылады және сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

5.2. Осы Ережелерде көзделген сақтандыру полисі мен сақтандыруға өтініш нысандары үлгілік болып табылады, және Сақтандырушы нақты сақтандыру шартының талаптары мен ҚР заңнамасына сәйкес оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

5.3. Сақтандыру шарты оған тараптар қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

5.4. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде көрінеу дұрыс емес ақпарат бергені, сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру объектісіне қатысы бар, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін маңызы бар, егер бұл мән-жайлар сақтандырушыға белгісіз болса және белгілі болуға тиіс болмаса, өзіне белгілі мәліметтерді жасырғаны немесе бұрмалағаны дәлелденсе, шарт жасалған кезден бастап жарамсыз деп танылады.

5.5. Сақтанушы өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде сақтандыру тәуекеліндегі барлық өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

5.6. Сақтандыру шартында келісілген ғарыш қызметінің әрбір кезеңі аяқталған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Сақтанушы тиісті кезеңнің қорытындылары мен аяқталған күнін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаларды дереу Сақтандырушыға жіберуге міндетті.

5.7. Сақтандырушының құқығы бар:

5.7.1. Сақтанушы/сақтандырылған тұлға иеленетін ғарыш объектісіне (сақтандыру шартында көрсетілген ғарыш қызметіне) қатысы бар Сақтанушының құжаттарымен танысуға;

5.7.2. өз қалауы бойынша таңдалған және Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға иеленетін ғарыш объектісіне (сақтандыру шартында көрсетілгенге) қатысы бар объектілерге өз өкілдерін жіберуге.

5.8. Сақтанушы өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде сақтандыру шарты қолданылған мерзім ішінде болған, сақтандыруға қабылданған сақтандыру тәуекеліндегі кез келген өзгерістер туралы, тіпті мұндай өзгеріс Сақтанушының еркіне байланысты болмаса да, Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

5.9. Сақтандыру шарты бойынша жіберілетін хабарламалар мен хабарлар жазбаша нысанда орындалуға және пошта, телеграф, телетайп, телефон, электрондық немесе тараптар келіскен өзге де байланыс арқылы жіберілуге тиіс.

5.10. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңі (Сақтандырушының жауапкершілік кезеңі) Сақтандыру шартында айқындалады.

5.11. Сақтандырушының жауапкершілігі шартта көрсетілген күндердің 00:00-де басталып, 24:00-де аяқталады (шартқа қол қойылған жердегі уақыт бойынша).

5.12. Сақтандыру шартының қолданылу орны тиісті Сақтандыру шартында көрсетіледі.

5.13. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсету;
- 7) Сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының жасалған күні, қолданылу мерзімі;
- 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсетулер;
- 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; сақтанушының өзіне белгілі болған, егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
- 12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) егер сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілсе және ол сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, оның сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтанушы міндетті

6.1.1. Сақтандырушы қойған, тәуекелдерді бағалауға, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдар мөлшеріне әсер етуі мүмкін барлық елеулі мән-жайларға қатысты сұрақтарға жазбаша жауап беруге;

6.1.2. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелдерін бағалау үшін елеулі маңызы болуы мүмкін өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға.

6.1.3. Сақтандыру шарты қолданылған мерзім ішінде тәуекелді не ұлғайтуы, не жаңа тәуекелдер тудыруы мүмкін және осылайша тәуекелді бағалау үшін Сақтандырушыға бұрын ұсынылған мәліметтердің дәл емес немесе ескірген болуына әкелуі мүмкін кез келген жаңа мән-жай туралы Сақтандырушыны хабардар етуге. Тәуекелді ұлғайтатын елеулі мән-жайларға, соның ішінде мыналар жатады:

- ғарыш объектісіне арналған шарттың кез келген талаптарынан ауытқу, кез келген талаптарды өзгерту, қайта қарау және/немесе түрлендіру;
- тәуекелді бағалауға әсер ететін немесе Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру мүддесін өзгертетін ғарыш объектісіне қатысты елеулі фактілердегі немесе мән-жайлардағы өзгерістер.
- Ғарыш объектісінің жүйесінің, агрегатының, торабының немесе бөлшегінің сипаттамаларының қайтымсыз нашарлауы, аномальды тозуы немесе істен шығуы не резервтік жүйеге ауысуы;
- резервтік жүйені жоғалту және/немесе ғарыш объектісінің отын немесе электр энергиясы қорының кез келген елеулі жоғалуы немесе елеулі қысқаруы.



– белгіленген орбиталық позициядан басқа орбиталық позицияға ауыстыру.
– сақтандыру кезеңі басталғаннан кейін ғарыш объектісі жүйесінің жай-күйінің едәуір нашарлауы.
Сақтанушы жоғарыда аталған мән-жайлар туралы олардың бар екені өзіне белгілі болған сәттен бастап он күн шегінде Сақтандырушыны хабардар етуге тиіс. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушымен Сақтандыру шартының талаптарын қайта қарауға құқылы болады, және егер Сақтандырушы тәуекел дәрежесінің елеулі өзгеруі болғанын немесе сақтандыру мүддесі өзгергенін анықтаса, онда Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша тиісті талаптарды қайта қарауы және Сақтанушынан осындай ақпаратты алғаннан кейін отыз күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысының ұлғайтылуын талап етуі мүмкін. Егер Сақтанушы Сақтандырушының мұндай талабын алған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын ұлғайтуға келіспесе, онда Сақтандыру шарты Сақтанушының жауабын алған күннен бастап дереу тоқтатылады, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының пайдаланылмаған бөлігі Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде Сақтанушыға қайтарылуға жатады. Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауына елеулі түрде әсер ететін мән-жайларды өткізіп алған немесе дәл емес мәлімдеген жағдайда, мұндай өткізіп алу немесе дәл емес мәлімдеме нысанасы болған залалдар Сақтандыру шарты және осы ережелер бойынша өтелмейді. Кез келген қасақана ақпарат жасыру немесе Сақтанушының әдейі жалған мәлімдемесі Сақтандыру шартын жарамсыз етеді.

6.1.4. сақтандырудың бүкіл кезеңі ішінде Ғарыш объектісін тиісінше пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға және Сақтандыру шарты бойынша кез келген залалға жол бермеу немесе оны барынша азайту үшін тиісінше ұқыптылықпен әрекет етуге, сондай-ақ кез келген жағдайда өзін сақтандырылмағандай ұстауға;

6.1.5. Ұшыруға дейін Ғарыш объектісін дайындаушыдан Ғарыш объектісі барлық жерүсті сынақтарынан сәтті өткенін растайтын сертификатты ұсынуға;

6.1.6. келіп түсуіне қарай Ғарыш объектісінің «Жағдайы туралы есептердің» көшірмелерін түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға ұсынуға;

6.1.7. Ғарыш объектісінде байқалған ақаулықтар немесе істен шығулар туралы мәліметтер алған жағдайда, ғарыш объектісін өндірушімен бірлесіп залалдың туындауын болдырмау үшін қажетті қадамдар жасауға және мұндай мәліметтер туралы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;

6.1.8. сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қоюға әкеп соғуы мүмкін оқиғаға қатысты кез келген мәселелерді талқылау үшін Сақтандырушымен кеңестер өткізуге;

6.1.9. залалдың немесе бас тартудың себептерін немесе салдарын тергеу немесе талдау үшін пайдаланылған немесе оның нәтижесі болып табылатын барлық ақпаратқа Сақтандырушының қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерді жұмсауға;

6.1.10. нұқсанды белгілеу және суброгация/регреске байланысты кез келген төлемдерді есептеу үшін қолданылатын әдістерді тексеру үшін қажетті барлық ақпаратты тексеруге және көшіруге қолжетімді етуге. Егер осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушы сұрататын ақпарат құпия/зияткерлік және өзге меншік болып табылса немесе оны тарату жария етпеу туралы талаппен немесе үкіметтік шектеулермен реттелсе, Сақтанушы қажет болған жағдайда осындай ақпаратты Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін ашуға рұқсат алу мақсатында тиісті тарапқа уақтылы/алдын ала және тиісті түрде жүгінуге тиіс;

6.1.11. залал болған жағдайда, Сақтандырушыға оның уәкілетті өкілі арқылы Сақтанушы залалға қатысты ұсынған деректерді тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

6.1.12. ғарыш объектісін тек оның нысаналы мақсатына сәйкес және Өтініште көрсетілген мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ оның сақталуына барлық шараларды қабылдауға;

6.1.13. ғарыш объектісін пайдалану кезінде заңнамада рұқсат етілген жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді және т.б. ғана пайдалануға;

6.1.14. ғарыш объектісін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын және өндіруші зауыттың ұсынымдарын сақтауға;

6.1.15. тек арнайы келісілген және өндіруші зауыт ұсынған құрамдас бөліктер мен шығыс материалдарын пайдалануға;

6.1.16. ғарыш объектісін пайдалануға тек арнайы оқытылған, арнайы рұқсаты бар мамандарды тартуға;

- 6.1.17.** өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауға, оның ішінде міндетті түрде өртке қарсы қызметтердің ұйғарымы бойынша өртке қарсы режимнің жол берілген бұзушылықтарын жоюға;
- 6.1.18.** сақтандыру жағдайы басталған кезде дереу құзыретті органдарға мәлімдеуге және залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
- 6.1.19.** сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) дереу хабардар етуге. Ауызша нысандағы хабарлама кез келген жағдайда кейіннен жазбаша түрде расталуға тиіс. Сондай-ақ Сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы мен салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
- 6.1.20.** сақтандыру жағдайы басталған кезде оқиға орны мен ғарыш объектісін Сақтандырушы өкілінің қарап шығуына дейін, ол сақтандыру жағдайынан кейін қандай күйде болса, сол күйінде сақтап қалу шараларын қабылдауға;
- 6.1.21.** сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға оған ауысқан кері талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 6.1.22.** Сақтандырушы өкілін зардап шеккен сақтандырылған ғарыш объектісін қарауға кедергісіз жіберуге, сондай-ақ мұндай қарап тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 6.1.23.** егер Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде заң немесе Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болатын осындай мән-жай анықталса, Сақтандырушы жазбаша хабарлаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің бүкіл сомасын Сақтандырушыға қайтаруға;
- 6.1.24.** Сақтанушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттері бар;
- 6.1.25.** Сақтанушы Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 6.1.26.** Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуына, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды.
- 6.1.27.** Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін жазбаша түрде талап етуге міндетті.
- 6.1.28.** Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
- 6.1.29.** Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай



мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректердің трансшекаралық берілуінің бар-жоғы туралы мәліметтер; дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне байланысты жиналатын деректердің тізбесі.

6.1.30. Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларда, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталған дербес деректерін жинауына және өңдеуіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды.

6.2. Сақтанушының құқықтары

6.2.1. болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап етуге;

6.2.2. Шарт жоғалған кезде — оның Көшірмесін алуға;

6.2.3. Сақтандырушының келісімімен Шарт талаптарын өзгертуге;

6.2.4. осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға.

6.2.5. Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

6.3. Сақтандырушының міндеттері

6.3.1. сақтандыру жағдайы туралы хабарланған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, Сақтанушы немесе оның өкілі қатыса отырып және сақтандыру объектісі Сақтанушы тарапынан ұсынылған жағдайда, оқиға болған жерді, ғарыш объектісін қарап тексеруді жүргізуге;

6.3.2. сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, қажетті құжаттардың соңғысы алынған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе одан бас тартуға.

6.3.3. құжаттар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаны хабардар етуге.

6.3.4. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттері бар.

6.3.5. мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:

- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі мәгін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты сұратуы бойынша ұсынбауы;
- ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

6.4. Сақтандырушының құқықтары

6.4.1. Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;

6.4.2. кез келген уақытта Сақтанушының Шарт талаптарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушы оған кедергі жасауға құқылы емес;

6.4.3. Сақтанушының Шарт талаптарын бұзуы анықталған кезде, оларды жою жөнінде Сақтанушы үшін міндетті жазбаша нұсқаулар беруге, ал Сақтанушы нұсқауларды 10 (он) күн ішінде орындамаған жағдайда, Сақтанушыны Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы жай жазбаша хабардар ету жолымен шартты бұзуға;

6.4.4. құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы туралы барлық қажетті құжаттаманы сұратуға;

6.4.5. егер сақтандыру жағдайы Шарт талаптарын бұзу салдарынан болса, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген негіздер бойынша Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

6.4.6. осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуга.
6.4.7. Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

7.1. Сақтанушы міндетті:

7.1.1. қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдарды азайту жөнінде ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға.

7.1.2. оқиға туралы білген сәттен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және оған оқиғаның басталу уақыты мен мән-жайлары және оның болжамды себептері туралы егжей-тегжейлі объективті ақпаратты қамтитын жазбаша хабарлама жіберуге.

7.1.3. оқиға туралы Сақтандырушыны хабардар еткеннен кейін 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, Сақтандырушыға оқиғаның орны, күні, уақыты және сипаты, оның басталуының ықтимал себептері және залал мөлшері туралы ақпаратты қамтитын оқиға туралы өтініш жіберуге.

7.1.4. Сақтандырушыға өз иелігіндегі барлық материалдар мен құжаттарды, сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелуге жататын шынымен залал келтірілгенін дәлелдейтін оқиға мән-жайларына қатысты өзге де ақпаратты ұсынуға.

7.1.5. Сақтандырушының талабы бойынша оның өкілінің авариялық комиссия жұмысына қатысуын қамтамасыз етуге.

7.1.6. Сақтандырушыға Сақтанушының зиянды өтеуге құқықтарының ауысуын (суброгацияны/Регресті) қамтамасыз етуге.

7.1.7. өзіне немесе Сақтандырылған тұлғаға талап қойылуына немесе оған қарсы сот талабы қозғалуына байланысты Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға алған барлық талаптарды, хабарламаларды, сот шақыруларын немесе соттың өзге де ұйғарымдарын Сақтандырушыға дереу жіберуге.

7.1.8. Сақтандырушыға жәрдем көрсетуге және оның өтініші бойынша тыңдаулар мен сот талқылауларына қатысуға, талаптарды реттеуге және сот істерін жүргізуге жәрдемдесуге.

7.2. Сақтандырушының құқығы бар:

7.2.1. оқиға орнын қарап тексеруге және келтірілген залал мөлшерін айқындауға.

7.2.2. авариялық комиссия жұмысына қатысуға.

7.2.3. оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, осы мақсатпен тәуелсіз мамандардан тұратын сарапшылық комиссияларды тартуға.

8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

8.1. Егер Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның ғарыш аппаратының апатқа ұшырауы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірген зиянын сақтандыру жағдайы деп таныса — сақтандыру төлемі Пайда алушыға нақты зиян мөлшерінде, бірақ франшиза мен амортизация туралы талапты қолдануды ескере отырып, сақтандыру жағдайынан келтірілген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің валютасы – Сақтандыру шартында айқындалады.

8.2. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін, залал мөлшерін және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:

8.3.1. болған оқиғаның қысқаша сипаттамасы бар Сақтанушының жазбаша өтініші;

8.3.2. бүлінген мүлікке құқық белгілейтін құжаттар;

8.3.3. сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өртке қарсы қызметінің актісі, қылмыстық істі қозғау туралы қаулы, авариялық қызмет актісі, ТЖ органдары жасаған актілер, ғарыш қызметін қадағалайтын мемлекеттік органдар жасаған актілер және т.б.;



- 8.3.4.** ғарыш объектісінің апатқа ұшырауына, оның сынықтарының үшінші тұлғаларға және олардың мүлкіне құлауына жол беру нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруде Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кінәсін анықтау туралы сот шешімі;
- 8.3.5.** сақтандыру жағдайының басталу себебін белгілейтін құжаттар, ғарыш қызметін қадағалайтын органдардың, өртке қарсы қызметінің қорытындылары, сараптама актілері, құқық қорғау органдарының құжаттары не сот үкімі;
- 8.3.6.** сот сараптамасы органдарының, тәуелсіз сарапшылардың сараптама актілері, қажет болған жағдайларда, құрылыс/жөндеу ұйымдары жасаған сметалар, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен жасалған ғарыш объектілерін тапсыру-қабылдау бірлескен актілері;
- 8.3.7.** мүліктің бухгалтерлік қалдық құнын қамтитын құжаттар;
- 8.3.8.** Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, неке туралы куәлік, туу туралы куәлік, сенімхат және т.б.;
- 8.3.9.** Жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздығы жағдайында – еңбекке жарамсыздық мерзімі көрсетілген аурухана парағы, амбулаториялық немесе стационарлық картадан үзінді көшірме, диагностикалық зерттеулер нәтижелері (R-суреттері және т.б.), медициналық мекеменің шоты (фискалдық, тауарлық чектер). Барлық медициналық құжаттарға емдеуші немесе бас дәрігер қол қоюға және медициналық мекеменің дөңгелек мөрімен расталуға тиіс;
- 8.3.10.** Жәбірленушіге мүгедектік белгіленген жағдайда – мүгедектікті және еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесін белгілейтін медициналық-әлеуметтік сараптама;
- 8.3.11.** Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда – өлім туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесі, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі, сот үкімі және Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;
- 8.3.12.** Егер Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаса, Сақтандырушы соңғы құжатты алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыға хат жібереді.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ, ТАЛАПТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTУ

- 9.1.** Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- 9.2.** Сақтандыру төлемі туралы шешімді (төлемнен бас тарту туралы шешімді) Сақтандырушы төлем туралы өтініштің және сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелуге жататын залалдардың бар екенін және мөлшерін дәлелдейтін құжаттардың (авариялық комиссия жұмысының актісі, шоттар, сот шешімдері және т.б.) негізінде қабылдайды. Шешім қабылдау мерзімі — оқиғаны қарау үшін қажетті соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күні.
- 9.3.** Сақтандыру төлемінің мөлшері ұсынылған құжаттардың негізінде осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес айқындалады:
- 9.3.1.** Үшінші тұлғаның мүлкі бүлінген жағдайда сақтандыру төлемі оның сақтандыру жағдайына дейінгі жай-күйіне дейін қалпына келтіру құнына тең болады, бірақ сақтандыру сомасынан аспайды.
- 9.3.2.** Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тарту туралы дәлелді шешімі оқиғаны қарау үшін қажетті соңғы құжат ұсынылған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде жіберіледі.
- 9.3.3.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін үшінші тұлғаға жойылған мүлікке ұқсас мүлік беру арқылы ауыстыра алады.
- 9.3.4.** Егер Пайда алушы келтірілген залал үшін жауапты тұлғалардан өтемақы алған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптары бойынша төленуге жататын сома мен Пайда алушы алған сома арасындағы айырманы ғана төлейді.
- 9.4.** Зиян сомасынан шартсыз франшиза сомасы және амортизация шегеріледі.
- 9.5.** Сақтандыру төлемінің сомасына кез келген жағдайда мыналар кірмейді:
- 1) бүлінген мүлікке техникалық және кепілдік қызмет көрсетуге арналған шығыстар;



- 2) бүлінген мүлікті реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектері мен тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына жатпайтын басқа себептерге байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) бүлінген мүліктің бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындамаған бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ, жоқ болып тұрған бөлшектердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны.
- 5) бүлінген мүлікті тасымалдауға арналған шығындар;
- 6) құзыретті органдардың құжаттарында бүлінген деп көрсетілмеген мүліктің бүлінген бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге арналған шығындар, жасырын ақауларды қоспағанда.
- 7) жөндеу кәсіпорнында қажетті қосалқы бөлшектердің, бөлшектердің жоқтығынан мүліктің тораптарын, агрегаттарын, бөліктерін тұтасымен ауыстыру (жөндеудің орнына);
- 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 9) бүлінген жабдықта, агрегаттарда, конструкцияларда қолданылатын әртүрлі техникалық сұйықтықтарды ауыстыруға байланысты шығыстар.
- 10) бүлінген мүлік құнының ұлғаюына әкелетін өзге де шығыстар.
- 9.6. Өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы әрбір Жәбірленушіге жеке айқындайды және:**
- 9.6.1. Зиян келтіру нәтижесінде жәбірленушінің (Пайда алушының) еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесі белгіленген кезде, Сақтандырушы жоғалтылған жалақыны еңбекке қабілеттілікті жоғалту пайызына сәйкес келетін пайыздық арақатынаста, еңбекке қабілеттілікті жоғалтудың әрбір айы үшін өтейді және мынадай формула бойынша есептеледі:**
- $$CV = Z * PU * 12,$$
- мұнда **CV** – сақтандыру төлемі, **Z** – жәбірленушінің орташа айлық жалақысы; **PU** – жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігін жоғалту пайызы; **N** – уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген, Сақтанушы зиян келтіруі нәтижесінде жәбірленушінің еңбекке жарамсыз болған айлар саны, бұл ретте **N** мәні 10-нан артық болмауы мүмкін.
- 9.6.2. Егер жәбірленуші жұмыс істемесе, онда сақтандыру төлемі мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:**
- $$CV = 12 * Z * PU * N,$$
- мұнда **CV** – сақтандыру төлемі, **Z** – сақтандыру жағдайы басталған күнге арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес ең төменгі жалақы; **PU** – жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігін жоғалту пайызы; **N** – уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген, Сақтанушы зиян келтіруі нәтижесінде жәбірленушінің еңбекке жарамсыз болған айлар саны. Егер жәбірленушіге зейнеткерлік жасқа дейін еңбекке қабілеттілігін жоғалту белгіленсе, онда сақтандыру төлемі осы Шарттың 9.6.1-тармақшасында көрсетілген формула бойынша жүзеге асырылады, бірақ бұл ретте **N** мәні 24 айға тең болады және тиісінше егер жәбірленуші жұмыс істемесе, онда сақтандыру төлемін есептеу осы Шарттың 9.6.2.) тармақшасында көрсетілген формула бойынша жүзеге асырылады, бірақ бұл ретте **N** мәні 24 айға тең болады. Сақтандырушы зардап шегушіге денсаулығын қалпына келтіруге арналған медициналық шығыстарды сақтандыру жағдайы басталған күнге 200 айлық есептік көрсеткіш шегінде, мұндай шығыстардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттарды (фискалдық чектер, кіріс қассалық ордерлер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар және т.б.) міндетті түрде ұсынған жағдайда өтейді. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі мынадай тәртіппен есептеледі:
- 1) Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда зиянды өтеу құқығына (сақтандыру төлемін алу құқығына) мынадай тұлғалар ие болады: қайтыс болған адамның асырауында болған, он сегіз жасқа толмаған балалары, ол қайтыс болғаннан кейін туған баласы, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткен қайтыс болған адамның ата-анасы мен жұбайы(зайыбы).
- 2) Зиян мынадай тәртіппен өтеледі: кәмелетке толмағандарға – он сегіз жасқа толғанға дейін, бірақ жәбірленушінің қайтыс болған күнінен бастап 5 жылдан аспайтын кезең үшін; зейнеткерлік жасқа жеткен ата-аналар мен жұбайы(зайыбы) – елу сегіз жастан асқан әйелдерге және алпыс үш жастан асқан ер адамдарға жәбірленушінің қайтыс болған күнінен бастап 5 жылдан аспайтын кезең үшін.
- 3) Өтелуге жататын сақтандыру төлемінің мөлшері, өтелуге жататын орташа айлық табысты,

қайтыс болған (марқұм) асыраушының өзіне тиесілі үлесті шегергеннен кейін, оның асырауында болған тұлғалар санына бөліп, жылдар санына көбейту арқылы айқындалады.

4) Орташа айлық жалақы (табыс) жазатайым оқиғаға (сақтандыру жағдайына) дейінгі он екі ай жұмыс үшін алынған жалақының (табыстың) жалпы сомасын он екіге бөлу арқылы есептеледі. Егер қайтыс болған адам зиян келтірілген сәтте он екі айдан аз жұмыс істесе, орташа айлық жалақы (табыс) денсаулыққа зақым келтірілгенге дейінгі нақты жұмыс істеген айлар саны үшін жалақының (табыстың) жалпы сомасын сол айлар санына бөлу арқылы есептеледі. Егер қайтыс болған адам жұмыс істемесе, онда есепке жәбірленуші қайтыс болған күндегі ең төменгі жалақы алынады.

9.6.3. Сақтандыру төлемінің сомасына кез келген жағдайда келесі ауруларды емдеуге арналған шығыстар/мынамен байланысты шығыстар кірмейді:

- 1.** дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы, аутоиммундық аурулар, ревматикалық аурулар;
- 2.** ағзаларды не тіндерді трансплантациялау;
- 3.** кәсіптік аурулар;
- 4.** омыртқаның әртүрлі локализациядағы остеохондрозы, оның ішінде остеохондроз асқынуларын консервативтік және операциялық емдеу (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: жарықтар, протрузиялар, спондилолистездер, омыртқалардың ығысуы), оңалту;
- 5.** деформациялаушы остеоартроздар, емдеу;
- 6.** бронхоэктазиялық ауру, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСОА), бронх демікпесі, өкпе эмфиземасы және тыныс жеткіліксіздігі бар өкпенің басқа да созылмалы аурулары;
- 7.** остеопороздар, созылмалы остеомиелиттер, буын функциясының бұзылуымен артроздар;
- 8.** төменгі аяқ-қол тамырларының атеросклерозы, Лериш синдромы;
- 9.** аса қауіпті инфекциялар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: табиғи шешек, оба, күйдіргі, тырысқақ, бөртпе сүзек, іш сүзегі, туляремия, маңқа, миелоидоз, легионеллез, шешек, геморрагиялық қызбалар, энцефалиттер;
- 10.** көз аурулары: миопия, гиперметропия, астигматизм, катаракта, глаукома, аккомодация спазмы, торқабықтың ажырауы, демодекоз, қабақ массажы және көз алмасын биостимуляциялау, қылилық, птериgium, халязион, торқабықтың жасқа байланысты макулярлық дегенерациясы, сондай-ақ оны «Луцентис» препаратымен емдеу;
- 11.** психикалық аурулар және олардың асқынулары, сондай-ақ психикалық сипаттағы ауруларға байланысты туындаған әртүрлі жарақаттар мен соматикалық жай-күйлер;
- 12.** ми қан айналымының жедел бұзылыстары және олардың салдары;
- 13.** жүйке жүйесінің экстрапирамидалық және өзге де қозғалыс бұзылыстары;
- 14.** аневризма, Такаясу ауруы (бейспецификалық аортоартериит), Бюргер ауруы (облитерациялаушы тромбангиит, эндоартериит), варико́з ауруы, созылмалы геморройды жоспарлы емдеу;
- 15.** эпилепсия, жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары;
- 16.** семіздік, салмақ тапшылығы;
- 17.** дене сымбатының бұзылыстары;
- 18.** сөйлеу, есту бұзылыстары;
- 19.** қан айналымы жеткіліксіздігінің II Б - III сатысындағы жүрек-қан тамырлары жүйесінің созылмалы аурулары, Абрамов – Фидлер миокардиті; жасанды ырғақ жүргізгіш енгізуді талап ететін аурулар, WPW синдромы;
- 20.** ремиссия сатысындағы созылмалы аурулар;
- 21.** сақтандыру қорғанысы басталғанға дейін туындаған созылмалы жай-күйлер не өзге де аурулар, соматикалық аурулардан басқа, олардың кез келген салдары;
- 22.** алкогольдік, уытты немесе есірткілік масандық белгілері болған кезде алынған жарақаттар, күйіктер, уланулар;
- 23.** ядролық энергияның бөлінуіне, радиоактивті сәулеленуге және/немесе олардың салдарларына байланысты аурулар, жарақаттар және ағзаның басқа да зақымданулары.

9.6.4. Сақтандыру төлемінің сомасына кез келген жағдайда келесі емдеу түрлеріне байланысты шығыстар кірмейді:

1. иридо-, аурикуло-, термопунктуралық, электропунктуралық, пульстік, мануалдық диагностика, энергоинформатика, аллергодиагностика; мануалдық терапия, жалпы массаж (патронаж болған жағдайда 1 жасқа дейінгі балалардан басқа), барокамера, флоатинг, гирудотерапия, гомеопатия, Фолль бойынша зерттеу, ине-рефлексотерапия, балшықпен емдеу, оксигенотерапия, биорезонанстық терапия, фототерапия, вакуумдық терапия, соққы-толқындық терапия, омыртқаны су астында, «құрғақ тарту», плазмаферез, гемоферез, қанның УК-сәулемен өңделуі, гидроклононотерапия, циркулярлық және басқа да душ түрлері, інжу және басқа да ванна түрлері, балшықпен емдеу, су астындағы массаж, биомеханикалық тарту, дәстүрлі емес диагностика, дәстүрлі емес сауықтыру жүйелері, энергоаппараттық сауықтыру жүйесі, бальнеотерапия, механотерапия, тракциялық емдеу, халық медицинасы (емшілік) әдістері, емдік-сауықтыру бассейндері, лазерлік сәулеленуді қолдана отырып емдеу, оның ішінде лазерлік литотрипсия;
 2. пластикалық операциялар, протездеудің барлық түрлері және косметология; сыртқы келбеттің косметикалық және өзге де кемшіліктерін және дене аномалияларын жоюға байланысты емдеу түрлері, мұрын қалқандарының пішінін не құрылымын өзгерту; осы мақсатта жақ-бет хирургиялық араласуларын жүргізу;
 3. тіс шөгінділерін кетіру (емдік көрсетілімдер болған жағдайларды қоспағанда, бірақ Шарт қолданылу кезеңінде 1 реттен артық емес), ортодонтия, протездеу, 3-D суреттер, стоматологиялық аурулардың профилактикасы;
 4. кез келген хирургиялық әдісті (кюретаж және басқалар) қолдануды талап ететін созылмалы пародонтитті емдеу;
 5. ортодонтиялық бұзылуларды емдеу;
 6. тістерді протездеу және оған дайындық;
 7. тіс сауыты бөлігінің 1\2-ден астамы қираған тістерді оны қалпына келтіру (реставрациялау) мақсатында емдеу;
 8. ортопедиялық және ортодонтиялық конструкциялармен қапталған тістерге емдік манипуляциялар қолдану;
 9. тістердің косметикалық ақаулары мен кариестік емес зақымдануларын емдеу (тістерді ағарту, пигменттік қақтарды кез келген әдіспен кетіру, фиссураларды герметизациялау, сына тәрізді ақаулар және басқалар);
 10. тіс-жақ жүйесінің даму және өсу аномалияларын емдеу;
 11. пародонт ауруларын емдеу кезінде «Вектор және Хэльбо» (аппараттық) терапиясын қолдану;
 12. дене салмағын өзгерту (хирургиялық және/немесе медикаментоздық); жынысты хирургиялық өзгерту; ағзалар мен тіндерді трансплантациялау;
 13. Сақтандырылған тұлғаны ПТР, ИФА, РИФ әдісімен зертханалық-диагностикалық зерттеу, сондай-ақ қалқанша без гормондарына зерттеулер;
 14. компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография.
 15. массаж
 16. эндопротездеу, аортокоронарлық шунттау, стенттеу, коронарография, оның ішінде диагностика және оларды жүргізу үшін қажетті барлық ілеспе зерттеулер,
 17. лазерлік және өзге де көруді түзету.
 18. урологиялық массаж жүргізу, белсіздікті, бедеулікті диагностикалау және емдеу;
 19. профилактикалық мақсатта тіс шөгінділері мен тіс тасын кетіру, «Вектор» аппараты қолданылатын пародонт ауруларын емдеу.
 20. аллергодиагностиканың кез келген түрі, оның ішінде Юникап аппаратында, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: терілік скарификациялық сынамалар; аллергиялық ауруларды спецификалық гипосенсибилизация әдісімен емдеу;
 21. үй жағдайында хирургиялық патология бойынша көктамыршілік инфузиялар, таңғыштар, жараларды өңдеу;
 22. соққы-толқындық терапия, тастарды және/немесе түзілістерді қашықтан ұсатудың барлық әдістері.
- 9.6.5. Сақтандыру төлемінің сомасына кез келген жағдайда келесі шығыс түрлері кірмейді:**
1. тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу мақсатында реконструктивтік және өзге де операциялар жүргізу үшін металл конструкцияларды, импланттарды, протездерді сатып алуға байланысты

шығыстар;

2. науқасты оңалтуға және күтуге арналған медициналық мақсаттағы тауарларды сатып алуға байланысты шығыстар;

3. түзетуші медициналық құрылғыларды немесе бейімдемелерді (контактілі линзалар, жақтаулар, есту құрылғылары, есту имплантаттары) пайдалануға, жөндеуге және бейімдеуге байланысты шығыстар;

4. Сақтандырылған тұлғаның кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі шеңберінде медициналық көмек алуы, оның ішінде сол аурумен байланысты кейінгі жүгінулері;

5. хирургиялық ауруларды жоспарлы операциялық емдеуге байланысты шығыстар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: операциядан кейінгі тігістерді алу және өңдеу, металл конструкцияларды (штифтерді және басқаларды) алып тастау, сондай-ақ өзге де рәсімдер;

6. психолог пен психотерапевттің, диетологтың, логопедтің қызметтеріне, отбасын жоспарлау жөніндегі қызметтерге байланысты шығыстар;

7. соққы-толқындық терапияны жабуға байланысты шығыстар, тастарды қашықтан ұсатудың барлық әдістері;

8. Сақтандырылған тұлға медициналық тексеру жүргізген кезде медициналық мекеме мамандары ұсынған қосымша тексеруге байланысты шығыстар.

10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

10.1.1. франшиза мен амортизация туралы талапты қолдануды ескере отырып, толық сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;

10.1.2. Сақтандырушының қалауы бойынша сақтандыру сыйлықақысы төленбеген немесе Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін енгізбеген жағдайда шарт тоқтатылады;

10.1.3. Сақтанушының Шарттан бас тартуы;

10.1.4. соттың Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;

10.1.5. Сақтанушының сақтандыру объектісіне құқығын жоғалтуы;

10.1.6. Тараптардың біреуінің таратылуы;

10.1.7. Тараптардың Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі;

10.1.8. Тараптардың біреуінің талабы қойылған жағдайда, Шарт талаптары елеулі түрде бұзылған кезде.

10.1.9. мынадай жағдайларда:

- Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдаудың мүмкін еместігі;
- іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша хабардар ету жолымен Шартты бұзуды жүзеге асырады.

10.2. Шарттың қолданылуы ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан сақтандырудың қолданылған уақытына пропорционалды есептелген бөлігін ұстап қалуға, сондай-ақ қайтарылатын сомадан әкімшілік шығыстарды (оған мыналар кіреді: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы) шегеруге құқылы.

10.3. Шарттың қолданылуы ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілмеген негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.

10.4. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандыру шартының бас тартқан күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлеуге

жататын сақтандыру сыйлықақысынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

11.1. Шарттан туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қарауына беріледі.

12. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

Осы Сақтандыру ережелерінің негізінде Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтанушы өтініш-сауалнамада жауаптар болмаған жағдайда Сақтандырушы тиісті бос толтырылмаған жолдарды өз пайдасына түсіндіретінін растайды және соған келіседі (мысалы, күзет туралы белгі болмаған жағдайда – күзет бар деп презюмирленеді (ал егер күзет болмаса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презюмирленеді), алдыңғы жылдар мен айлардағы шығындар туралы ұяшық бос болса, шығындар болмаған деп презюмирленеді, ал егер болған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп және т.б.) және Сақтанушы жағымсыз ақпаратты жасыру үшін көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презюмирленеді.

12.1. Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің негізінде Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесі бар екенін растайды.

12.2. Сақтандыру полисі бойынша келесі нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалтуға сақтандыру қорғанысы қолданылмайды:

1) кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, меншігіне немесе пайдалануына реквизициялауы.

2) Кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай сақтандыру қорғанысы, төлем, төлемақы немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез келген қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

12.3. Тараптар OFAC, Еуропалық одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету жолымен Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға электрондық пошта немесе пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

12.4. Тараптар Ережелердің осы бабының 12.4-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының пайдаланылмаған бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

12.5. Тараптар OFAC, Еуропалық одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда,

Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да жүзеге асырмайтынымен келіседі.

12.6. Тараптар Ережелердің осы бабының 12.4-тармағына сәйкес Шартты біржақты бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.



ҒАРЫШ ОБЪЕКТІЛЕРІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)

Ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ережелеріне № 1 қосымша

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ серия _____ № _____
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ

ҒАРЫШ НЫСАНДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ

СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ВЛАДЕЛЬЦЕВ КОСМИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ

« » _____ 20 ____ жылғы Серия _____ № _____
Серия _____ № _____ от « » _____ 20 ____ года.

САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	АО "Страховая компания "Евразия", тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA STN 600900079784. БИН 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA PNH 600900079784, БИН 950540000024
---------------------------	--

САҚТАНУШЫ (атауы, СТН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), экономикалық қызмет түрі (ЭҚТ), мекен-жайы, телефоны банктік деректемелері) / СТРАХОВАТЕЛЬ (наименование, БИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон, банковские реквизиты)	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛІҒА / (атауы, СТН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), мекен-жайы, телефоны банктік деректемелері) / ЗАСТРАХОВАННЫЙ (наименование, ИНН/БИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), адрес, телефон, банковские реквизиты)	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественные интересы Страхователя (Застрахованных), связанные с его обязанностью возместить, вред, причиненный жизни, здоровью и имуществу третьих лиц, в результате допущения крушения космического объекта.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____

Космический объект _____.

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	Страховым случаем является факт наступления гражданско-правовой ответственности Страхователя/Застрахованного за причинение вреда жизни, здоровью или имуществу третьих лиц в результате крушения космического объекта или падения его обломков или разлива топлива при осуществлении какого-либо из этапов космической деятельности, указанной в п.1.1. правил страхования.
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере _____ % от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____

САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	Комиссия за заключения Договора страхования: Да/Нет (выбрать нужное)
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения последнего из необходимых документов для принятия решения, в течение 40 рабочих дней осуществляет страховую выплату, либо предоставляет мотивированный письменный отказ в страховой выплате Страхователю (Выгодоприобретателю). Страховщик осуществляет страховую выплату третьим лицам в течение 7-ми рабочих дней срока, принятия решения о страховой выплате, либо в срок, определенный соглашением сторон.
ПОЛИСТІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис не допускается, в случае необходимости внесения изменений настоящий страховой полис подлежит расторжению и заключению на новых условиях, при этом порядок расторжения определяется согласно ст.ст. 841-842 ГК РК.

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзім хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.
Сақтандыру Ережесімен таныстым және көпиясын алдым / С Правилами страхования ознакомлен и копию получил

Сақтандырушы (немесе оның өкілі) / Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

_____ (аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

_____ (аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

_____ қаласындағы филиалы (агент), Мекен-жайы: _____ тел: _____
филиал (агент), в г. _____, Адрес: _____ тел: _____

Берілген күні / Дата заключения: «__» _____ 20__ ж./г.
Приложение № 2 к Правилам страхования гражданско-правовой ответственности владельцев космических объектов

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтандырылушы құқылы:

- 1) болған оқиғаның сақтандыру жағдайы деп мойындалуы кезінде сақтандыру төлемінің Пайдакелтірушінің пайдасына осы ережеде белгіленген тәртіп пен мерзім ішінде жүзеге асырылуын талап етуге;
- 2) Келісімшарт жоголған жағдайда – оның телнұсқасын алуға;
- 3) Келісімшарт шарттарын Сақтандырылушының келісімімен өгертуге;
- 4) Келісімшартты осы ережеде белгіленген тәртіпте мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

2. Сақтандырылушы міндетті:

- 1) Сақтандырылушының қауіпті, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдылығы мен мүмкін болатын шығын көлемін бағалауға септігін тигізетін барлық болатын жағдайларға қатысты сұрақтарына жазбаша түрде жауап береді;
- 2) сақтандыру қауіптерін бағалау үшін елеулі мәнге ие бола алатын оған таныс барлық мәліметтерді Сақтандырылушыға айтаға;
- 3) Келісімшарт күшінде болатын мерзімінің ішінде қауіпті көбейтуі мүмкін немесе жаңа қауіптер туындататын кез келген жаңа жағдай туралы Сақтандырылушыға мәлімдеп отыруға, сонымен қатар Сақтандырылушыға бұрын ұсынылған мәліметтердің нақты еместігіне немесе ескіргеніне келтіріп отыру керек.
- 4) Сақтандырылушының барлық мерзімі ішінде Ғарыштық нысанның тиісті пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін барлық саналы шараларды қабылдауға және Сақтандыру келісімшарты бойынша кез келген шығынды болдырмау немесе азайту үшін тиісті әрекеттер қолдануға, кез келген жағдайларда ол сақтандырылмаған жағдайдағыдай шешім қабылдауға;
- 5) Сақтандыру ережелері мен ҚР-ның заңдарында қарастырылған басқа да міндеттерді жүзеге асыруға.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандырылушы ұсынған ақпаратты тексеруге;
- 2) Сақтандырылушының Келісімшарт шарттарын орындауын кез келген уақытта тексеруге, осы кезде Сақтандырылушы оған осы бойынша кедергі болу құқығына ие емес.
- 3) Сақтандырылушының Келісімшарт шарттарын бұзу жағдайларын аңғарса, Сақтандырушы Сақтандырылушының оларды жоюы бойынша жазбаша түрде нұсқау береді, ол Сақтандырылушы үшін міндетті болып табылады. Сақтандырылушы нұсқауды орындамауы жағдайында 10 күн ішінде Сақтандырылушыға Келісімшартты бір тараптық негізде бұзу туралы қарапайым жазбаша мәлімет жіберу арқылы бұзаға;
- 4) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы мәлімдеген сәттен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оқиға болған орынға, ғарыш нысанына Сақтандырылушының сақтандырылған нысанды ұсыну жағдайы кезінде Сақтандырылушының немесе оның өкілінің қатысуымен қарап шығуға;
- 2) сақтандыру жағдайы туындағанын растайтын барлық қажетті құжаттардың, оның туындау себептері, шығын көлемі мен сақтандыру төлемін алушының оны алу құқығын жүзеге асыру немесе қажетті құжаттардың ішінен соңғысын алған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін бермеуге.
- 3) Сақтандырылушыға/Сақтандырылған сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспей тұрған құжаттар туралы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде мәлімдеуге;
- 4) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған басқа да міндеттерге ие.
- 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
- Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырылушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда Сақтандырылушы (Пайданы тұтынушы) немесе оның өкілі шығынға шаралар қолдануы тиіс, кінәлы тарапқа суброгация/регресс құқықтарын қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар 3 (үш) күннен кешіктірмей Сақтандырылушыға немесе оның өкіліне оның туындауы туралы мәлімдеуі тиіс, ғарыш нысандары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне сақтандыру ережелерінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауға;
6. Сақтандырылу жағдайының туындауын дәлелдеуге, сондай-ақ ол келтірген шығындар Сақтандырушыда болады.
7. Сақтанушы, осы Шарттына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Осы шарттарда қарастырылмаған басқа да барлық мәселелер бойынша Тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Ғарыш нысандары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) при признании произошедшего события страховым случаем, требовать осуществления страховой выплаты в пользу Выгодоприобретателя, в порядке и сроки, установленные в настоящих правилах;
- 2) при утере Договора - получить его дубликат;
- 3) на изменение условий Договора, с согласия Страховщика;
- 4) досрочно расторгнуть Договор, в порядке установленном настоящими правилами.
- 5) Страхователь имеет другие права, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) письменно ответить на вопросы, заданные Страховщиком в отношении всех существенных обстоятельств, которые могут повлиять на оценку рисков, вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков;
- 2) сообщить Страховщику все известные ему сведения, которые могут представлять существенное значение для оценки страховых рисков.
- 3) В течение срока действия Договора страхования уведомлять Страховщика о любом новом обстоятельстве, которое может либо увеличить риск, либо создать новые риски, и, таким образом, привести к тому, что сведения, ранее предоставленные Страховщику для оценки риска, станут неточными или устаревшими.
- 4) принимать все разумные меры для обеспечения надлежащей эксплуатации Космического объекта в течение всего периода страхования и будет действовать с должным усердием, чтобы избежать или минимизировать любой убыток по Договору страхования, и будет действовать при любых обстоятельствах так, как если бы он не был застрахован.
- 5) осуществлять иные обязанности предусмотренные правилами страхования и законодательством РК.

3. Страховщик вправе:

- 1) проверять сообщенную Страхователем информацию;
- 2) в любое время проверять исполнение Страхователем условий Договора, при этом Страхователь не вправе препятствовать ему в этом;
- 3) при обнаружении нарушения Страхователем условий Договора, Страховщик имеет право давать письменные указания по их устранению, обязательные для Страхователя, в случае не выполнения указаний Страхователем в течение 10 дней расторгнуть договор путем простого письменного уведомления Страхователя о расторжении в одностороннем порядке Договора;
- 4) имеет иные права, указанные в правилах страхования и законодательстве РК.

4. Страховщик обязан:

- 1) в течение 7 (семи) рабочих дней, с момента сообщения о страховом случае, произвести осмотр места происшествия, космического объекта, с участием Страхователя или его представителя, и при условии предоставления объекта страхования Страхователем;
- 2) при наличии всех необходимых документов, подтверждающих наступление страхового случая, причины его наступления, размер убытка, и права получателя страховой выплаты на её получение, осуществить или отказать в страховой выплате в течение 40 (сорока) рабочих дней, с момента получения последнего из необходимых документов.
- 3) уведомить Страхователя/Застрахованного о недостающих документах для осуществления страховой выплаты, в течение 15 рабочих дней, с даты получения документов.
- 4) Страховщик имеет другие обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.
- 5) отказать в страховой выплате в случаях:
- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
- не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.
5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять меры к убытка, а также обеспечению права суброгации/регресса к виновной стороне, а также незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах страхования гражданско-правовой ответственности владельцев космических объектов.
6. Дозавязание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования гражданско-правовой ответственности владельцев космических объектов АО «Страховая компания «Евразия».